

Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы Куйбышев ауылдық округі әкімінің м.а. 2022 жылғы 25 мамырдағы № 12 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 1 маусымда № 28311 болып тіркелді Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы Куйбышев ауылдық округі әкімінің 2022 жылғы 12 тамыздағы № 17 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы Куйбышев ауылдық округі әкімінің 12.08.2022 № 17 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының "Ветеринария туралы" Заңының 10-1 бабы 7) тармақшасына сәйкес, Қызылжар ауданының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2022 жылғы 12 мамырдағы № 01-11/91 ұсынысы негізінде ШЕШТІМ:

1.. Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданының Куйбышев ауылдық округінің Боголюбово ауылында Михин көшесіне ірі қара малдың бруцеллез ауруының пайда болуына байланысты шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3.. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы Куйбышев
ауылдық округі әкімінің міндетін атқарушы*

А. Турагелдиев